


бөліп алған соң, 0,69 г α -нафтол алынады. Сулы фазаны күкірт қышқылымен қышқылдау арқылы 3,5 г (74,4%) 1-окси-2-нафтой қышқылы алынады; балку т. 191-192^oC; Реакцияға түскен α -нафтолға есептегенде, 1-окси-2-нафтой қышқылының шығымы 93,1% құрайды. Әдебиеттік мәліметтер: балку т. 191-192^oC [Словарь органических соединений. М.: Изд-во иностр.лит-ры, 1949. Т.2. С.301].

1-Окси-4-нафтой қышқылын α -нафтолды натрийэтилкарбонатпен карбоксилдеу арқылы синтездеу



Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:

1 автоклав типті лабораториялық қондырғы

2 шыны стакан (100 мл)

1 шыны таяқша

1 бөлгіш воронка (100 мл)

1 пипетка (10 мл)

сүзгі қағаз

1 Шотт сүзгісі (№3)

1 соруға арналған шөлмек

α -нафтол (3,6 г)

натрийэтилкарбонат (3,08 г)

көміртек диоксиді (баллон)

дистил. су

толуол (21 мл)

тұз қышқылы (конц.)

универсальды индикатор қағазы

Автоклав қондырғысының шыны реакторына (1-сурет) 3,6 г (0,025 моль) α -нафтол және 3,08 г (0,0275 моль) натрийэтилкарбонатты салады. Автоклавты қымтайды, екі рет ауасын шығару үшін көміртек диоксидімен үрлейді, одан кейін 10 атм